

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

«БОЛАШАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КЕЛІСЕМІН

«Болашақ»
университетінің оқу-
ғылыми жұмыстар
жөніндегі проректоры
Г.А. Жусупова

« 31 » 08 2021 ж.

БЕКІТЕМІН

«Болашақ»
университетінің
ректоры, т.ғ.к. К.К. Дауренбеков
« 31 » 08 2021 ж.



«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ
СТУДЕНТТЕРІНІҢ
АР-НАМЫС КОДЕКСІ

Қызылорда қаласы, 2021 жыл

СТУДЕНТТЕРДІҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ

Біз, «Болашақ» университетінің студенттері, Қазақстанның әрі қарай экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуы үшін кәсіби білікті мамандардың жаңа буынын қалыптастыру мақсатында өз **ПАРЫЗЫМЫЗДЫ МОЙЫНДАЙ ОТЫРЫП**, жауапкершілігімізді терең түсініп:

- ✓ алынған білім, дағдылар мен тәжірибені Қазақстанның дамуы мен гүлденуін нығайту үшін пайдалануға;
- ✓ өз саласының нағыз маманы болу үшін бар күш-жігерін салуға;
- ✓ білім ордасының адамгершілік, мәдени және ғылыми дәстүрлерін жинақтау, сақтау және жетілдіруге;
- ✓ студенттер қатарында болу қаншалықты мәртебе екенін және бұл құрметке әркімнің ие бола алмайтындығын терең ұғына отырып, университетіміздің беделінің және өз беделіміздің өсуіне ықпал етуге **МІНДЕТТЕНЕМІЗ**.

Өз құқығымызды жүзеге асыру міндеттемелердің орындалуымен тығыз байланысты екенін **БІЛЕ ОТЫРЫП**, «Болашақ» университеті студенттері үшін студенттік кодты жасадық.

«Болашақ» университетінің әр студенті осы **Ар-намыс Кодексін қабылдайды және оны мүлтіксіз орындауға міндеттенеді**.

1-бап. «Болашақ» университеті Жарғысын, ішкі тәртіп Ережесін, Студенттер үйінде тұру Ережесін, әдеп қағидаларын және оқу-тәрбие үдерісін реттейтін басқа нормативті-құқықтық актілерді сақтауға міндеттенеді.

2-бап. «Болашақ» университетінің студенті Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін, ұлттық құндылықтары мен мәдениетін, Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасу тарихын біледі және қастерлейді, университет дәстүрлерін кіршіксіз сақтап, құрметтейді.

3-бап. «Болашақ» университетінің студенті басқа студенттермен, оқытушылар- профессорлар құрамымен және қызметкерлермен, әкімшілікпен қарым-қатынас барысында ізеттілік, кішіпейілділік және ұқыптылық танытады.

4-бап. «Болашақ» университетінің студенті кез-келген азаматтың шығу тегі мен ұлтына, әлеуметтік дәрежесіне, діни немесе дүниетанымдық ұстанымдарына қарамастан құрметпен қарайды, ұлтаралық төзімділік пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделі идеясы мен қағидаттарын насихаттайды.

5-бап. «Болашақ» университетінің студенті өзінің оқу міндеттерін қатаң орындайды, төмендегідей академиялық, этикалық және құқықтық нормаларды бұзушылыққа жол бермейді:

- ✓ плагиат,
- ✓ білімді бақылаудың барлық деңгейлері мен түрлерінен өту барысында шпаргалка пайдалану, көшіру және біреуден сұрау;
- ✓ жоғары баға алу үшін туысқандық немесе қызметтік байланыстарды пайдалану;
- ✓ пара беру;
- ✓ оқытушыны алдау және оны сыйламау;
- ✓ сабақтарды себепсіз босату және кешігу.

6-бап. «Болашақ» университетінің студенті Қазақстанның болашақ экономикалық, саяси және басқару элитасына лайықты сапалы және бәсекеге қабілетті білім алу идеясын насихаттайды.

7-бап. «Болашақ» университетінің студенті университет мүлкінің сақталуына қамқорлық жасайды және университет аумағында құқықбұзушылықтардың, қылмыстың орын алуына жол бермейді. Егер өз қатар құрбысы, досы құқықбұзушылықты немесе қылмысты ұйымдастырғалы (жасағалы) жүргенін білсе, онда оған жол бермеуге және орын алған жағдайды көрген сәтте тиісті тұлғаларға хабар беруге міндеттенеді.

8-бап. «Болашақ» университетінің студенті білім ордасының кітапханалық-ақпараттық ресурстарына ұқыпты қарайды және бұл ресурстарға қатысты салғырт қараушылық пен нұқсан келтірушілікке жол бермейді.

9-бап. «Болашақ» университетінің студенті ұқыпты киінеді. Оның сыртқы түр-келбеті зайырлы қоғамның жалпыға ортақ этикалық нормаларына сәйкес келеді.

10-бап. «Болашақ» университетінің студенті салауатты өмір салтын ұстанады, өзінің мәдени, адамгершілік және тұлғалық даму деңгейін жетілдіруге ұмтылады, университеттің, аймақтың, облыстың, еліміздің қоғамдық-мәдени, ғылыми және спорттық өміріне белсене атсалысады.

11-бап. «Болашақ» университетінің студенті елдегі тәртіптің тұрақсыздануына әкеп соғатын ақпараттың таратылуына жол бермеуі, сондай-ақ заңмен рұқсат етілмеген жиналыстарға, демонстрацияларға, митингілерге, ереуілдерге, акцияларға және шерулерге қатыспайды.

12-бап. «Болашақ» университетінің студенті университет мүддесіне қайшы келетін және оның имиджі мен беделіне нұқсан келтіретін кез-келген іс-әрекетке қатысудан бас тартады.

13-бап. «Болашақ» университетінің студенті аталған Кодекс ережелерінің бұзылуын байқаған сәтте оны өз күшімен түзетуге тырысады, ал мұндай әрекет мүмкін болмаған жағдайда бұл келеңсіздіктер туралы студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарына немесе университет әкімшілігіне хабарлауға құқылы.

Студенттік үкімет отырысында қаралды.

№ 1 хаттама « 31 » 08 2021 жыл

